

ӘОЖ 81

ГТАХР 16.16.21

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.024>

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИНЕРГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР

* Түйлебаева Қ.Б.¹

^{*1}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі кезде синергетика термині қоғамның әртүрлі саласында, түрлі сипаттағы күрделі жүйелі процестерді зерттеу, құрылымын анықтау әдістемесі ретінде белсенді қолданылып келеді. Түрлі әлеуметтік процестерге, мәдениетке, ғылымға, өнерге, экономикаға және білімге де синергия, синергетикалық тәсіл деп аталатын ұғым қарқынды түрде еніп, зерттеу жұмыстарының өзегіне айналды.

Зерттеу жұмысының мақсаты - үнемі дамып, өзгеріп, жаңарып отыратын тіл жүйесі құбылысын жаңа синергия деп аталатын ілім тұрғысынан, яғни өздігінен реттелетін құбылыс ретінде қарастыру.

Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы - синергия құбылысын тіл білімінде қолдану тілдік жүйеде орын алатын өзгерістерді түсінуге көмектессе, ал практикалық маңызы кейбір сөздер мен сөз тікестерінің жойылу алдындағы бұзылу процестерін, олардың пайда болуының бастапқы кезеңінде анықтауға көмектеседі.

Зерттеу жұмысында синергетика ілімінің диссипация, генерация, трансформация, бифуркация, хаос сияқты негізгі құбылыстарына талдау жасалады. Аталған құбылыстар әсерінен тіл жүйесі өзгеріске ұшырайды, нәтижесінде сөз мағынасы өзгереді, тарылады, көмескіленеді, жаңарады, кеңейеді, тілде жаңа лексика пайда болады. Мақалада талданған құбылыстарға көркем туындылар мен қолданыстағы тілдік бірліктер арқылы нақты мысалдар келтіріледі.

Мақалада аталған тақырып бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері мен тіл біліміне қатысты зерттеу материалдарын сараптай отырып, талдау жасалды, қазақ тіліндегі мәтіндер мен көркем шығармалардан мысалдар алынды, салыстыру, сипаттау, талдау әдістері қолданылды.

Синергия ілімін тіл білімінде қолданудың құндылығы – табиғаттағы күрделі жүйелер мен адам қызметінің антропоцентризмі арасындағы байланыстың өмірлік-практикалық қажеттілігі, қоғамдық дүниетанымда адам мен табиғат коэволюциясы идеясын бекіту, табиғи құбылыстардың өзіндік құндылығын мойындау.

Зерттеу нәтижесінде тіл жүйесіндегі синергиялық құбылыс тілдің іштей дамуының өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі реттеушілік тетігін зерттеуге арналған ілім ретінде басымдыққа ие деген тұжырым жасаймыз.

Тірек сөздер: синергетика, лингвистика, тілдік жүйе, лингво-синергетика, диссипация, бифуркация, генерация, трансформация

Кіріспе

Табиғаттағы кезкелген құбылыс өз түрі мен қасиетін сақтау үшін, өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қандай да бір белсенділік танытуы тиіс. Бізді қоршаған дүниенің барлық үдерісіне динамикалық сипат тән болса, онымен тығыз байланыстағы тіл де тұрақты даму үстіндегі қозғалыста болады.

Тіл жүйесі де өзге құбылыстар сияқты өзгеріске ұшырайтын қасиеттерге ие. Бізде ақпаратты қабылдау, сақтау, тасымалдау, негізінен, тұрақты жүйе арқылы жүзе асатыны туралы түсінік қалыптасқан. Алайда құнды ақпарат туғызу, сөз қуаты мен құдіретін таныту мен түсіну тілдік жүйенің тек тұрақсыздық жағдайында болатыны – тілдік жүйенің синергиялық ерекшелігін танытады. Яғни дүниені танудың үздіксіз үдерісі тілдік жүйенің ашық, іштей реттелетін қабілеті мен бір-бірімен байланысты әр түрлі ақпараттардың ұйымдасуы арқылы синергиялық құбылыс түзетін қасиетіне байланысты жүзеге асады.

Қазір әлемнің қай ғылымын алсаңыз да, оның ішінде қазақ ғылымында да осы синергия ұғымы жаңа тенденцияға айналды, зерттеу жұмысын жазуға себеп болған өзектілігі де осы тұрғыдан туындайды.

Ғалымдар құбылыстарға бұрынғыдай функционализм, структурализм тұрғысынан емес, тұтас, жүйелі және динамикалық құрылым ретінде қарай бастады. Дәл осы тәсіл болмыстың барлық саласы мен құбылыстары негізіндегі ғылымдарды жалпы синергетикалық жүйе деп түсінуге себеп болды.

Синергетика – грек сөзі, «synergikos» – біріккен әрекет деген мағынаны білдіреді. Әр түрлі саладағы күрделі жүйелердің өзін-өзі реттеп тұруы туралы ғылым. Ашық жүйедегі құбылыстардың өзін-өзі ұйымдастыруының тетігін, бірегей құрылымды қалыптастыруда бөліктерінің өзара әрекеттесе отырып, үйлесуін зерттейді.

Синергетика ұғымының шығуы неміс физигі Г.Хакен есімімен байланысты, кейін И.Пригожин ғылыми тұрғыда негіздеп, термин ретінде қалыптастырды.

Тіл біліміндегі синергетика немесе лингвосинергетика күрделі әрі ашық тіл жүйесінде орын алатын құбылыстардың өзін-өзі реттеу заңдылықтарын зерттейді.

Сонымен синергетика күрделі жүйелердің өзара әрекеттесуін, әрекеттесе отырып, жаңа ұғымның, жаңа құбылыс пен жаңа атаудың пайда

болуын зерттесе, лингвосинергетика - тілдің өзін-өзі ұйымдастырушылық, өзін-өзі реттеушілік құбылысы арқылы тілдік бірліктердің көпмағыналылық қабілетін, сөз мағынасының шексіз ұлғаюын, ауысуын, құбылуын зерттеуге арналған құбылыс. Тіл жүйесінің осы бір аспектісі зерттеушіні жаңа ізденіс жасауға жетелейді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу жұмысымызда аталған тақырып бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері мен тіл біліміне қатысты зерттеу материалдардын сараптай отырып, талдау жасалды, қазақ тіліндегі мәтіндер мен көркем шығармалардан мысалдар алынды, салыстыру, сипаттау, талдау әдістері қолданылды. Тіл жүйесінде орын алатын өзгерістерге синергетикалық құбылыс ретінде қарау зерттеу әдісіміздің басты нысаны ретінде қарастырылады.

Нәтижелер

Лингвистикалық жүйенің ашықтығы, тілдің іштей дамуының өзін-өзі ұйымдастыруы мен реттелу заңдылығы, трансформация мен диссипация тіл жүйесінің кез келген құбылысында орын алатынын ескеру керек, яғни алмасу процестері тіл эволюциясының барлық кезеңінде жүреді. Ойымызға келесі мысалды дәлел ретінде келтіруге болады. Қазақ тіліндегі **көз** сөзінің бірнеше мағынада берілуіне, қолдану ерекшелігіне назар аударайық. Көз түрлері: *тана көз, бота көз, бадана көз, айна көз, қарақаттай көз, жәудір көз, күлім көз, көген көз, қой көз, қоңырқай көз, тұнық, мөлдір көз, мойылдай көз, тұнжыр көз, нәркес көз, тостағандай жанар, еліктің жанарындай т.б.* Көздің *фуқционалдық сипатына орай көз тігу, көз жасы, көзіне жас алу, көз алмау, көз көрген, көзінің нұры, көз аудару, көз – қорқақ, қол – батыр, көз салу, көз жазбау, көз ілу, көз шырымын алу, көкірек көзі, қырағы көз, көз қуаныш, көз қылу, көзқарас, көз талу, көзі түсу, көз ұшар, қара көз, көз жазбау, көздеп ату, көзіне ілмеу, көз алдында, көздеу, көз тию, көзі өту, көз ақы, көз аларту, көз ашпау, көз айрымау, көз алмау, көзбен шолу, көзге көріну, көзге іліну, көз жүгірту, көз қырын салу, көзін сату, көзі мөлдіреді, көзі жаутаңдады* сияқты қазақ дүниетанымындағы сөз тіркестер сөйлеушінің таным дүниесіне орай, мағынасы өзгеріп, ауысып, құбылуына байланысты синергиялық құбылыстар түзген.

Қоғамдағы кез келген құбылыс өмір сүріп, өзін, түрін сақтау үшін, өмір сүруін қамтамасыз етуі үшін қандай да бір белсенділік танытуы тиіс. В.Гумбольт тілді адамның үздіксіз жаңарып отыратын рухын көрсететін қызметі ретінде санайды. Тіл – адамның рухани болмысына сай дүниетанымын үйлестіріп отыратын жасампаз жүйе. Қазіргі сөйлеу тілі – сөйлеушінің ерекшелігіне қарай жекелеген түрлерге бөлінеді және

өте ерекше құрылым болып табылады. Егер ресми іскерлік сөйлесім өз дамуында сөйлеудің басқа стильдерін басып озса, онда бұл қоғамның бюрократияға ұшырағанын білдіреді, ал егер ауызша сөйлеу тілі басқа функционалды стильдерімен салыстырғанда жеткіліксіз дамыған болса, онда, бұл қоғам мәдениетінің өте кедейлігін көрсетеді.

Сонымен әлемде болып жатқан өзгерістер, сәйкесінше коммуникативті қажеттіліктер де тілде және оның әртүрлі ішкі жүйелерінде әртүрлі өзгерістер бірге жүретінін көрсетеді. Бұл өзгерістер тілде жаңа лексиканың пайда болуына әкеледі, сөз мағынасын қалыптастырудың, сөзжасамның/ түрлендірудің жаңа тәсілдері мен құралдары қазіргі қоғамның жаһандануына тілдік жауап берудің белгісі ретінде сөз синергетикасының маңызы зор. Мысалы, талқы – теріні өңдейтін арнайы құрал, бұл құралды қазіргі кезде пайдалану сиректігіне орай (қазір техника алмастырған) көнерген сөздер қатарына еніп кетуі мүмкін тілдік жүйеден «талқыға салу» сөз тіркесін алайық. Бұл бір мәселені талқылау дегенді білдіреді. Ал шын мәнінде **«талқы»** сөзі ауыспалы мағына береді. Бұл – сөздің тура мағынасы. *Теріні талқыға салып талқылау (жұмсарту, уқалау) сөзі уақыт өте келе мәселені талқылау, қарастыру, көпшіліктің тезіне салу, сараптау, бір мәселенің егжей-тегжейіне жету* мағынасында қолданады. Мысалы: *Отырғандар әр нәрсенің басын шалып, көп талқылаған секілді: Құлағына күңгір-күңгір дауыстары естілгені болмаса, не айтып, не қойғандарын жыға ұққан жоқ* [1, 79-б.]. *Бірде бар, бірде жоқ өмірдің талқысына түскенде көзіңе қамшы тиген ботадай боздап, мені кінәлап жүрмесең, маған одан артық бақыттың керегі не?* [1, 95-б.]. Немесе «Сол күні сүт қатқан көже іше алмай, ішіміз шұрқырап *талқышаймен* жатқанбыз» [1, 126-б.] деген мысалды алып қарасақ, мұнда қантсыз, нансыз ішілген құр шай мағынасына ауысқан.

Лексика саласындағы мұндай өзгерістер - «лексикалық құралдар айналымы» немесе сөз синергиясы деп атауға болатын құбылыстар, атап айтқанда, тарихи сөздердің, архаизмдердердің қазіргі коммуникативті кеңістікке оралуы жатады. Бұл тілдің бұрынғы формалары мен мағыналарының белгілі бір мағына үстеп қайта оралуын білдіреді: студенттер **жасағы, еріктілер**, ұлттық **гвардия, ханым, мырза** т.б. Бұл құбылыс тіл динамикасының спиральды түріне жатады. Яғни бұрын қолданыстан шыққан сөздер мен сөз тіркестері жаңа мағына үстеп, қайтадан мәдени-коммуникативтік контекстерде қайталанып тұр. Мысалы **жасақ** сөзі өткен ғасырда ханның, кінәздің, королдің төңірегінде топтасқан жауынгерлердің жалпы атауын білдірсе, қазіргі кезде мемлекеттік органдарға көмектесу мақсатында құрылған ерікті ұйымды жасақ деп атап жүрміз. Феодалдық қоғам кезінде шаруалар басыбайлы және **ерікті** болып бөлінетін, уақыт өте келе аталған сөз мағынасы өзгеріп, мұқтаж адамдардың немесе жалпы

қоғамның мүддесінде тегін, ерікті түрде еңбек ететін адам ретінде белгілі.

Тіл жүйесінің ашық болуына байланысты сөз мағынасының құбылып, көпмағыналылық пен мағынаның шексіз ұлғаюы адамның ақпаратты қабылдау, тіл арқылы сақтау, тасымалдау жүйесі арқылы жүзеге асатыны белгілі. Бірақ тіл жүйесіндегі туындайтын құбылыстар, яғни жаңа ақпарат пен лексиканың туындауы, тілдік жүйенің тек тұрақсыздық жағдайында болатыны тілдік жүйенің синергиясын көрсетеді. Сондықтан әлемдік лингвосинергетик ғалымдардың пікірінше, қоршаған ортаға динамикалық үрдіс тән болса, онымен тығыз байланысты адам, адамға қызмет ету құралы тіл де тұрақты даму үстінде болады.

Талқылау

Жоғарыда атап өткеніміздей, тіл жүйесінің ашықтығы оның өзін-өзі дамытуының қажетті шарты болып табылады. Алайда, бұл жеткіліксіз, өйткені тілдің даму сипатына орай бір-бірімен тығыз байланысты әрі қарама-қарсы бірнеше тенденция болуы қажет, яғни тілдің қолданыс барысындағы ашықтық сипаты оны қоршаған ортамен ықпалдасумен, атап айтқанда, тілдің даму үстіндегі ауыспалы, кері ықпал етуші құбылыстар арқылы жүзеге асатын эволюциялық сипатымен анықталады. Тіл дамуының жасампаздық (генерация), ауыспалылық (трансформация) сияқты негізгі қасиеттері мен диссипация (таралу, шашырау), бифуркация сияқты құбылыстары тіл жүйесінің өзгермелі сипатын анықтайды. Қазіргі синергетика іліміндегі негізгі құбылыстар ретінде ғалымдар мынандай үдерістерді атайды:

трансформация – тіл жүйесіндегі элементтердің өзгермелі сипаты (ауыспалылық);

диссипация - жүйедегі ішкі реттіліктің сақталуы, яғни ретсіз, мағынасыз элементтердің жүйеде болмауы (шашырау, таралу);

генерация - жүйенің жасампаздығы, тұрақтылық;

бифуркация – жүйе дамуының эволюциялық жағдайда тармақталуы. Онда жүйе тепе-теңдік күйден ауытқып, жаңа бір семантикалық мағынаның пайда болуына алып келеді.

Тіл трансформациясы – тілдік жүйедегі сөз мағынасының ауыспалық қасиеті, сөз мағынасының іштей жаңғыруы (метафора), ұлғаюы, бөлшектенуі, сынуы (метонимия, синекдоха). Халық танымына таныс сөздерді ұлттың сана-сезіміне жат емес басқа сөздермен беру арқылы сөз авторының қарым-қабілетін тануға болатын, сол арқылы адресатқа эмоционалды-экспрессивтік әсер туғызып, таным көкжиегін кеңейтетін сөз мағынасының ауыспалылық қасиеті. Оралхан Бөкейдің «**Өз отыңды өшірме**» шығармасын берілген келесі мысалдардағы сөз мағынасының құбылуына назар аударайық, тіпті шығарма атауының өзі ұрпақ жалғасы деген сөзді алмастырып тұр.

Терезенің жартылай жабылмай қалған саңылауынан жел ұлиды. Көз байланып, қас қарайды. Сен таңдаған *соқпақпен* жүргім келмеді, мен таңдаған *сүрлеумен* сенің жүргің келмеді [1, 278 б.]. – Ал басталық, *төрт көзіміз түгел* жиналды, – деді Төленді тықыршып [1, 36 б.]. Мұнарта тұншыққан тау жақтан жайлаудың *мақпал түнін* қоңыраулата жылқының кісінегені естілді [1, 101б.].

Мұнда ұлудың қасқырға тән екені белгілі болса да, желді ұлытып, қараңғылықты көз байланды деп алмастыру арқылы, сондай-ақ өмір жолын соқпақ деп құбылтып, бәрі сөзін төрт көзіміз түгел, жайлы түнді денеге жағымды мақпал атауымен алмастыру арқылы синергиялық құбылыс түзеді, тілді байытуға қызмет етеді, синонимдерді, көпмағыналықты және эмоциональды-экспрессивті лексиканы дамытады.

Тіл иесінің ерекше таным мен ой-қабілеті арқылы дүниетанымын білдірудегі ең пәрменді синергетикалық құралдар – шешендік сөздер, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер болып табылады.

Сөз мағынасының ауысуы жағдайында адресаттың ойы мен сөйлесімін нақтылау үшін ғалым Ж.Жақыпов: «Кей сөздердің негізгі атауыштық ауыспалы, астарлы мағынаға ауысып отыруы, метафоралық қолданыста жұмсалуды, экспрессивтік-эмоционалдық мәнінің өзгеріп отыруы әбден ықтимал. Мұндай өзгерістердің бәрі контекст арқылы байқалып отырады», – деп түйіндейді [2, 33 б.]. Демек, контекстің өзі синергиялық үдеріске қызмет ететінін байқаймыз.

Диссипация дегеніміз жүйеде артық энергияны жоғалту процесі, ал тіл жүйесіндегі диссипация әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістер сияқты әртүрлі факторлардың нәтижесінде жүйедегі ішкі реттіліктің сақталуы, яғни жүйеде ретсіз, мағынасыз элементтердің болмауы. Бұл термин әдетте қолданушысы аз тілдің кең таралған тілдің ықпалынан өмірдің белгілі бір саласында тілдік элементтердің ауыстырылуы жағдайын сипаттау үшін қолданылады.

Мысалы: *патсайы, торқа, мақпал, шыт, барқыт, берен, пүліш, торғын, дыраб, дүрия, қамқа, шәйі, бомази* сияқты қазір қолданылатын мата атауларынан басқа, *манат, қырмызы, атлас, кінауыз, маңлық, қатипа, сарпөңке, сіндіп, тапта, құлпы, мауыт, биқасап, батсайы, баршын, тібен, ләңке, насари, пай, парша, ұштап, шөжім, саң, сарпөңке, дабы, бояк, борлат, ләмбек, қымқап, кініпас, кіріс, кіләңқор, күлдірі, тұқаба, бүлде, қойқын, қыжым, мақпал, мауыты, міндала, пайы, парша, тапта, ұштап, тібек, шұға, мана, ләмбөк, манат, масаты, бұйдас, зипуын, сылаң, касандар, қаламы* сияқты мата түрлерінің тілдік қолданыстан шығып қалған атаулары тілдік жүйедегі диссипациялық құбылыстарды көрсетеді. Себебі нарықты шет елдік өнім жайлады, қазір базарлар мен сауда орталықтарында *фетр, акрил, атлас, ажур, велюр, вискоза, гипюр, гобелен, грезет, жаккард,*

креотон, лайкра, микрофибра т.б. қолданыла бастады.

Тілдің диссипациясы әртүрлі себептерге байланысты болуы мүмкін, соның ішінде жаһандану, көші-қон, отарлау, мемлекеттік тіл саясаты, ассимиляция және басқа да факторлар әсер етеді. Бұл процестің нәтижесінде көптеген азшылық тілдер жойылып кету алдында тұр, өйткені сол тілді қолданушылар саны өте аз және ауыз екі тілде ғана қолданылады.

Генерация – жүйенің жасампаздығы, тұрақтылығы, **тілдік жүйедегі өзгермейтін элементтер, яғни** тілдің негізін құрайтын, сөздік құрамның қалыптасуы мен сөзжасамда маңызды рөл атқаратын, жалпыхалықтық сипатқа морфемалар. Мұндай негізгі сөздік қорға кіретін бір буынды сөздердің жалпы саны аса көп емес. Қазақ тіліндегі негізгі сөздік қорға енетін тұлғалар - көне дәуірден жалғасып келе жатқан барлық түркі тілдеріне ортақ сөздер. Мысалы, жас, ар, ал, ас, тас, бар, мен, бес, жан, жас, т.б. Мұндай сөздерге тән басты белгі – тұрақтылық пен жасампаздық. Мысалы «Қазақ тілінің жиілікті-әліпбилі сөздігінде» ең жиі қолданылатын сөздер тізбесінде 30 515 сөздің ішінде бірінші орында «бол» етістігі тұр [3, 12 б.].

Бифуркация. Егер жүйе сыртқы және ішкі өзгерістердің соққысына ұшыраса, яғни параметрлер белгілі бір деңгей мәнінен асып кетсе, онда оның даму режимі сапалы түрде өзгереді, ол кез-келген артық күшке икемделеді, өзін-өзі құрылымдаудың, өзін-өзі ұйымдастырудың басқа тенденциясы жүзеге асырылады. Жүйе дамуының көпвекторлық сипатына сай, оның тұрақтылық сипатына шектен тыс күш тудырып, ерекше құрылымдаушы күйге түсуі бифуркация деп аталады. Бұл құбылыс бір ұғымның екіге жарылуынан анық байқалады.

Тіл жүйесіндегі бифуркация құбылысы жүйенің даму жағдайында тармақталуы, жүйе тепе-теңдік күйден ауысып, жаңа бір семантикалық мағынаның пайда болуына әкеледі. Мысалы жоғарыда мысал ретінде келтірілген **кеш** сөзі уақыт өте келе төмендегідей бірнеше негізгі мағынаға ие болды:

1. *Кеш* - ымырт жабылып, қас қарайған мезгіл;
2. *Кеш* - жастардың көбіне кешке қарай болатын ойын-сауығы, отырыс;
3. *Кеш* - уақытын өткізіп алу;
4. *Кеш* - біреудің қатесін кешіру, рақымшылық жасау;
5. *Кеш* – суды (өзен, бұлақ т.б) кешіп өту.

Мысалдардағы *кеш* сөзінің соңғы үш формасы сөз мағынасының, яғни қандай да бір үрдісті бастан өткеру, кешу сөзінің мағынасының кеңеюі салдарынан туындаған синергиялық құбылысты көрсетеді. Аталған үрдіс тілдік жүйенің ішкі өзгерістерінен де, сондай-ақ географиялық жағдайға байланысты, көші-қон, білім беру, коммуникация және мәдениеттердің араласуы сияқты сыртқы әсерден де болуы мүмкін.

Г. Гадамер атап өткендей [4, 86 б.], «тіл тұрақты ғана емес, сонымен бірге өзгермелі құбылыс болып табылады», яғни тілдік жүйе генерация мен диссипация, бифуркация мен трансформация сияқты құбылыстардың өзара алмасуынан тұрады.

Қорытынды

Сонымен, тілдік жүйеде туындайтын құбылыстар тіл эволюциясында маңызды рөл атқарады және адамның еркіне тәуелді емес, бұл – табиғаттың жүйелік құбылысы.

Қазіргі қарым-қатынас теориясының әлеуметтік сипаты тереңірек танылып, «ғаламның тілдік бейнесін» мәтіндік, дискурстық кеңістікте ашу үрдісі олардың өз ішіндегі, мазмұнындағы сан алуан, бірақ бір-бірімен тығыз байланысты үдерістерінің ашық, динамикалық жүйесіне сүйеніп, ішкі дамуын анықтайтын лингвосинергетика бағытын туғызды. «Тіл ашық өздігінен дамитын күрделі жүйе болғандықтан, оның құрылымы мен қызмет етуінің әртүрлі аспектілерін зерттеуге синергетикалық көзқарас өте қажет» [13, 188 б.].

Тіл жүйесіндегі өзгерістердің ұлғаюы - сол тілдің өсуіне немесе өшуіне әкелетін құбылыс, ана тілінде сөйлейтіндер тілді қолдануды тоқтатады немесе әдеби тіл ретінде диалект тілін қолданады. Тілдер тарихынан мынандай мысал келтіруге болады, италиялық өлі тілдер тобына жататын латын тілі Италия тайпалары тілді қолданушыларды жаулап алғаннан кейін, тіл әдеби тіл ретіндегі маңызын жойды, қолданыстан шыға бастады, біртіндеп диалект тілге айналды да, қазір өлі тілдер қатарына айналды.

Сонымен, лингвистикалық жүйенің синергиясы генерация мен диссипацияның өзара әрекеттесу процесі барысында көрінеді, олар ерекше түрде құрылымдалған, яғни лингвистикалық кеңістік бір жағынан, өсу көзі (генерация) ретінде, екінші жағынан, шашыраңқы көзі (диссипация) ретінде пайда болады. Тіл жүйесінің бұл күйін біз сызықтық емес, ашық, динамикалық құбылыс ретінде түсінеміз. Тіл жүйесінің синергиясын зерттеу тілдік жүйеде орын алатын түрлі құбылыстардың заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұндай құбылыстарды білу тілдік жүйенің жойылу алдындағы бұзылу процестерін, олардың пайда болуының бастапқы кезеңінде анықтауға көмектеседі, бір сөзбен айтқанда қазақ тілінің синергиялық құбылыстарын зерттеу – теориялық әрі практикалық маңызы бар, тереңірек зерттеуді қажет ететін үдеріс.

ӘДЕБИЕТ

[1] Бөкей О. Өз отынды өшірме. Роман. – Алматы: «Ел- шежіре», 2013. – Т. 1. – 392б.

[2] Жақыпов Ж.А. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998.–159 б.

- [3] Жұбанов, А.Қ., Жаңабекова, А.Ә., Карбозова, Б.Д., Қожахметова, А.Қ. Қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016. – 792 б.
- [4] Каиржанов А.К. Синергия языка: монография. – Астана: КУЭФиМТ, 2007. – 240 с.
- [5] Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992, – 448 б.
- [6] Манкеева Ж.А. Қазақ сөзінің синергиясы. – Алматы: Қазақ ұлттық университеті, 2021. – 272 б.
- [7] Манкеева Ж.А. Этномәдени мазмұн және сөз синергиясы // Tiltanym. – 2022. – № 2 (86). – Б.46-56.
- [8] Қожахметова А. Тіл біліміндегі синергетика ғылымы // Tiltanym. – 2022. – № 4 (88). – 41-50 бб.
- [9] Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014. – 728 б.
- [10] Чернавский Д.С. Синергетика и информация: динамическая теория информации. – Москва: Издательская группа URSS, 2021. – 304 с.
- [11] Dmitry S. Khranchenko. The power of synergy in discourse: Exploring persuasive language in English mass media // Indonesian journal of applied linguistics. – 2023. – Vol. – № 13, September 2023. – P. 368-379.
- [12] Жумагулова А.М. Қазақ дискурсының лингвосинергетикасы // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – № 3. – Б.12-18.
- [13] Серикова А.С., Рысалды Қ.Т. Лингвистикалық синергетиканың динамикалық және жүйелі принциптері // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы журналы. Филология ғылымдары сериясы. – 2023. – № 68 (1). – Б. 183-200. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.35.44.012>
- [14] Бөкей О. Повестер. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 392 б.
- [15] Klymenko O., Yenikeeva S. Synergetic Linguistics as a New Philosophy of Language Studies // Theory and Practice in Language Studies. – 2022. – Vol. 12. – № 2. – P. 417-423.

REFERENCES

- [1] Bökei O. Öz otyñdy öşirme. Roman [Don't let Your Fire go out. Novel]. Т. 1. – Almaty: «El- şejire», 2013. – 392 b. [in Kaz.]
- [2] Jaqypov J.A. Söileu sintaksisiniñ sipattary [Properties of Speech Syntax]. – Qarağandy: QarMU baspasy, 1998.–159 b. [in Kaz.]
- [3] Jūbanov A.Q., Jañabekova A.Ä., Karbozova B.D., Qojahmetova A.Q. Qazaq tılıniñ jülik sözdıgı [Frequency Dictionary of the Kazakh Language]. – Almaty: «Qazaq tılı» baspasy, 2016. – 792 b. [in Kaz.]
- [4] Kairzhanov A.K. Sinergija jazyka: monografija [Language Synergy: Monograph]. –Astana: KUJeFiMT, 2007. – 240 s. [in Rus.]
- [5] Baitürsynov A. Tıl tağylymy [Language mentoring]. – Almaty: Ana tılı, 1992, – 448 b. [in Kaz.]
- [6] Mankeeva J.A. Qazaq söziniñ sinergiasy [Synergy of the Kazakh Word]. – Almaty: Qazaq ultiq universiteti, 2021. – 272 b. [in Kaz.]

[7] Mankeeva J.A. Etnomădeni mazmûn jăne sôz sinergiasy [Ethnocultural Content and Synergy of the Word] // Tiltanym. – 2022. – № 2 (86). – B.46-56. [in Kaz.]

[8] Kojahmetova A. Tıl bılımindegi sinergetika ğylymy [Synergetic Science in Linguistics] // Tiltanym. – 2022. – № 4 (88). – B.41-50. [in Kaz.]

[9] Qaliev B. Qazaq tılınıń túsındırme sózdıǵı [Explanatory Dictionary of the Kazakh Language]. – Almaty, 2014. – 728 b. [in Kaz.]

[10] Chernavskij D.S. Sinergetika i informacija: dinamicheskaja teorija informacii [Synergetics and information: dynamic information theory]. – Moskva: Izdatel'skaja gruppa URSS, 2021. – 304 s. [in Rus.]

[11] Dmitry S. Khranchenko. The power of synergy in discourse: Exploring persuasive language in English mass media // Indonesian journal of applied linguistics. – 2023. – Vol. – №13, 2September 2023. – P. 368-379.

[12] Jumagulova A.M. Qazaq diskursynyń lingvosinergetikasy [Linguosynergetics of Kazakh Discourse] // Ş.Ualıhanov atyndaǵy Kókşetau universitetiniń habarşysy. Filologia seriasy. – 2021. – № 3. – 12-18 bb. [in Kaz.]

[13] Serikova A.S., Rysaldy Q.T. Lingvistikalyq sinergetikanyń dinamikalyq jăne jüielı prinsipteri [Dynamic and systematic principles of linguistic Synergetics] // Abylai han atyndaǵy QazHQ jăne ÄTU Habarşysy jurnaly. Filologia ğylymdary seriasy. – 2023. – № 68 (1). – B.183-200. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.35.44.012> [in Kaz.]

[14] Bökei O. Povester [The Rakes]. – Almaty: «El-şejire», 2013. – 392 b. [in Kaz.]

[15] Klymenko O., Yenikeeva S. Synergetic Linguistics as a New Philosophy of Language Studies // Theory and Practice in Language Studies. – 2022. – Vol. 12. – № 2. – P. 417-423.

СИНЕРГИЧЕСКИЕ ЯВЛЕНИЯ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

* Түйлебаева К.Б.¹

*¹ Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан

Аннотация. В настоящее время термин *синергетика* активно используется в различных сферах общественной жизни как методология исследования сложных системных процессов различной природы, а также для определения их структуры. Понятие синергии и так называемый синергетический подход активно проникают в социальные процессы, культуру, науку, искусство, экономику и образование, становясь основой исследовательских подходов.

Целью данной работы является рассмотрение феномена языковой системы как постоянно развивающейся, изменяющейся и обновляющейся структуры с позиции учения о новой синергии, то есть как саморегулирующегося явления.

Научная значимость исследования заключается в том, что применение

синергетического подхода в лингвистике позволяет глубже понять происходящие в языке изменения. Практическая значимость состоит в выявлении процессов разрушения лексических единиц — слов и словосочетаний — на ранних этапах их трансформации и исчезновения.

В работе рассматриваются основные явления синергетики — диссипация, генерация, трансформация, бифуркация, хаос. Под воздействием этих факторов языковая система претерпевает изменения: изменяется значение слов, происходит их сужение, затемнение, расширение, обновление; возникает новая лексика. В статье приводятся конкретные примеры указанных процессов на основе анализа художественных произведений и существующих языковых единиц.

Проведён обзор работ отечественных и зарубежных исследователей, а также анализ лингвистических материалов. Использованы тексты и примеры на казахском языке. Применялись методы сопоставления, описания и аналитического анализа.

Ценность применения синергетического подхода в лингвистике заключается в необходимости установления связей между сложными природными системами и антропоцентричной деятельностью человека, закреплении в общественном сознании идеи коэволюции человека и природы, а также признании самоценности природных и языковых явлений.

В результате проведённого исследования сделан вывод о том, что синергетический подход в изучении языковой системы является приоритетным инструментом для анализа механизмов самоорганизации и саморегуляции внутреннего развития языка.

Ключевые слова: синергетика, лингвистика, языковая система, лингвосинергетика, диссипация, бифуркация, генерация, трансформация

SYNERGISTIC PHENOMENA IN THE KAZAKH LANGUAGE

* Tuilebaeyeva K.B. ¹

*¹ L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract. Currently, the term *synergetics* is actively used in various spheres of social life as a methodology for studying complex systemic processes of different natures, as well as for identifying their structure. The concept of synergy and the so-called synergetic approach have increasingly penetrated social processes, culture, science, art, economy, and education, becoming a core component of contemporary research paradigms.

The aim of this study is to examine the phenomenon of the language system as a continuously developing, evolving, and renewing structure from the perspective of the theory of new synergy, that is, as a self-regulating phenomenon.

The scientific significance of this research lies in the fact that applying

the synergetic approach to linguistics enables a deeper understanding of changes occurring within the language system. The practical value consists in identifying the processes of degradation of lexical units—words and phrases—at the early stages of their transformation and disappearance.

The study explores the main phenomena of synergetics, such as dissipation, generation, transformation, bifurcation, and chaos. Under the influence of these processes, the language system undergoes transformations: word meanings shift, narrow, fade, expand, or are updated; new lexical items emerge. The article provides concrete examples of these phenomena through the analysis of literary works and existing linguistic units.

A review of both domestic and international scholarly works is presented, along with the analysis of linguistic materials. Texts and examples in the Kazakh language are included. The research applies methods of comparison, description, and analytical interpretation.

The value of applying the synergetic approach to linguistics lies in the vital need to establish connections between complex natural systems and the anthropocentric nature of human activity, to reinforce the idea of the co-evolution of humans and nature in public consciousness, and to acknowledge the intrinsic value of natural and linguistic phenomena.

As a result of this research, it is concluded that the synergetic approach to the study of the language system is a priority tool for analyzing the mechanisms of self-organization and self-regulation in the internal development of language.

Keywords: synergetics, linguistics, language system, linguistic synergy, dissipation, bifurcation, generation, transformation

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 22.11.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.*

Автор туралы мәлімет:

Туйлебаева Құралай Биәділқызы — Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс докторанты, Астана, Қазақстан, e-mail: TKB.84@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0005-5457-1874>

Информация об авторе:

Туйлебаева Куралай Биадилловна — докторант 2-курса, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: TKB.84@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0005-5457-1874>

Information about the author:

Tuilebaeyeva Kuralay Biadilovna — doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: TKB.84@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0005-5457-1874>